

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің 2022-2023 оқу жылында әлеуметтік педагогтың жылдық есебі

2022-2023 оқу жылында әлеуметтік педагогтың жылдық жоспары Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы, Неке (ерлі-зайыптылар) және отбасы туралы ҚР 2011 жылғы 26 желтоқсанындағы №518-IV кодексі, Қазақстан Республикасының баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 Заңы, Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамызындағы №382 бұйрығы, Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы және т.б нормативтік-құқықтық құжаттарға негізделіп жасалынды. Жыл бойы жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылды. Осы оқу жылында мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды. Мектебімізде қазіргі таңда жалпы 857 оқушы бар. Барлығы қазақша білім алады. Толық емес отбасылар 38, аз қамтылған отбасы 13, жетім және қамқорлығынсыз қалған бала жоқ, Атаулы әлеуметтік көмек алатындар 43 оқушы. Өгей ата-анамен тұратын оқушылар 3, денсаулығына байланысты есепте тұратын 6 оқушы, ата-анасы ажырасқан отбасы балалары 34, алқалы орган шешімімен есепке алынған оқушылар 44 оқушы. Мектептегі барлық оқушылардың әлеуметтік картасы және сыныптың әлеуметтік куәлігі толтырылды.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2022 жылғы 31 наурыздағы №121 бұйрығымен сәйкес бекітілген әлеуметтік педагогтың лауазымдық міндеттері 2022-2023 оқу жылына бекітілді.

Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысына сәйкес мемлекет тарапынан Атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушылардың ата-аналарынан өтініштер қабылданып, құжаттары толық жиналып Аудандық білім бөліміне өткізілді. Осы санаттағы 47 оқушыға мемлекет тарапынан ақшалай қаражат берілді, әр балаға 37300 тенгеден ата-анасының есеп шоттарына ақшалай мектеп формасы мен оқу құралдарын алу үшін түсірілді. Осы қаражатқа ата-аналар талапқа сай балаларына мектеп формасы мен оқу құралдарын алып берді. Ата-аналар алғандығы жөнінде түбіртектерін өз уақытында өткізді.

Аз қамтылған және көп балалы отбасылар қатарындағы оқушыларға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезеңінде көмек көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке келмеуінің алдын алу мақсатында «Мектепке жол» Республикалық акциясы аясында мектебімізде Кәсіподақ тарапынан жартылай жетім 9 сынып оқушысы Сүйеркул Нұрсұлтан, тұрмысы төмен отбасы баласы 7 сынып оқушысы Искандаров Бекжігіт және 8 сынып оқушысы Ж.Жарылқасын мен 3 сынып оқушысы Асқар Аяаруларға 35 мың тенгеден мектеп формасы мен оқу құралдарын алу үшін ақшалай қаражат берілді.

Демеушілерден мектеп директоры А.Камбарова жартылай жетім Наргашимова Айкенге мектеп формасын алу үшін 35 мың тенге берді, ал мектебіміздің директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары К.Усенов көп балалы отбасы баласы Мыңбай Сабринаға мектеп формасы мен оқу құралдарынмен қамтамасыз етті.Осындай жомарт адамдарға ата-аналар дән риза.

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондайақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасынаң қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алуқағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысын және Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығының 10-қосымшасына сәйкес мектепте жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінген қаржыға жартылай жетім және әлеуметтік тұрмысы төмен отбасыларының балаларына бір мезгіл сапалы және қауіпсіз ыстық тамақ беру ұйымдастырылды. 1-11 сынып аралығындағы арнайы мәртебеге ие 29 оқушымыз мектеп асханасынан бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Оқушылар жыл бойы сапалы және құнарлы тамақпен қамтылды.

Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 24 сәуірде №20478 болып тіркелді. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес 39 оқушы қала сыртындағы жазғы сауықтыру лагерлеріне барып қайтты. Оқушылардың көңіл күйлері көтеріліп, жақсы демалып қайтты.